

**Балқаш, Жезқазған, Шахтинск қалаларындағы, Ақтоғай ауданының Сарышаған, Шашубай кенттеріндегі есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметті тұтыну нормаларын бекіту туралы**

Қарағанды облысының әкімдігінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 02/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 9 ақпанда № 3655 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін электрмен жабдықтау және жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын есептеудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 13 қаңтардағы № 15 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10313 болып тіркелген) сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес қоса беріліп отырған Балқаш, Жезқазған, Шахтинск қалаларындағы Ақтоғай ауданының Сарышаған және Шашубай кенттеріндегі есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметті тұтыну нормалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Н. Әбдібеков*

Қарағанды облысы  
әкімдігінің 2015 жылғы  
15 қаңтар  
№ 02/01 қаулысына  
қосымша

**Балқаш, Жезқазған, Шахтинск қалаларындағы, Ақтоғай ауданының Сарышаған, Шашубай кенттеріндегі есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметті тұтыну нормалары**

№  
р/ Тұтынушылар санаты  
с

Жылумен жабдықтау ұйымының  
атауы

Өлшеу  
бірлігі

Мағынасы

Гигакалория

1	тұтынушылар Балқаш қаласы Балқаш жылуэлектрорталығынан жылынады	"Су Жылу Транс" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	/	0,0445
			шаршы метр	
			Гигакалория	
2	тұтынушылар Балқаш қаласы Қоңырат шағын ауданы қазандығынан жылынады		/	0,03
			шаршы метр	
			Гигакалория	
3	тұтынушылар Жезқазған қаласы Жезқазған жылуэлектрорталығынан жылынады	"Жылу және сумен жабдықтау кәсіпорны" акционерлік қоғамы	/	0,06
			шаршы метр	
			Гигакалория	
4	тұтынушылар Шахтинск қаласы Шахтинск жылуэлектрорталығынан жылынады	Шахтинсктеплоэнерго" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	/	0,0664
			шаршы метр	
			Гигакалория	
5	тұтынушылар Ақтоғай ауданының Сарышаған кенті қазандықтарынан жылынады		/	0,0356
			шаршы метр	
		"Тоқырауын Су Жылу" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гигакалория	
6	тұтынушылар Ақтоғай ауданының Шашубай кенті қазандығынан жылынады		/	0,0312
			шаршы метр	